



Автор: Сагинова Жадра Есенбаевна
Пән: Өзін-өзі тану
Сынып: 3- сынып
Бөлім: Ынтымақты отбасы
Тақырып: Отбасындағы қарым-қатынас мәдениеті

Мақсаты	Мақсаты:оқушыларға отбасындағы қарым – қатынас мәдениетінің маңыздылығын ұғындыру арқылы дұрыс әрекет құндылығының мәнін ашу. Міндеті: - оқушыларды қарым – қатынас мәдениеті туралы білім бере отырып, әдептілік қасиеті туралы түсінік беру. - оқушыларды отбасы мүшелері арасындағы дұрыс қарым – қатынасқа үйрету арқылы сыпайылық қасиетіне баулу. - оқушыларды сыйластыққа, адамгершілікке, сүйіспеншілікке тәрбиелеу.
---------	---

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
Ұйымдастыру (40-минут)	Сәлемдесу, оқушылардың көңіл-күйін сұрау, сабаққа қатысуды тексеру. 5 Т ережесін еске салу. Балалар ережені есімізге түсіріп, сыныптың тәртібін сақтап, оқып - білуге талаптанып, тыныштықты орнатып, тазалықты сақтап, бүгінгі күнімізді татулықпен өткізейік. 1.Жағымды күйге ену «Төрт құбылыс» тренингі Жүргізілуі: Балалар шеңбер жасап тұрады. Жүргізуші “су” деген дегенде балалар қолдарын алдарына созады, “ауа” дегенде қолдарын жоғары көтереді, “от” дегенде екі қолын айналдырады, “жер” дегенде қолдарын түсіреді. Кім шатысса сол ойыннан шыға береді.	